

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RLTA8217>

***Р. М. Муталиева¹, С. К. Шаймарданова¹,
Г. Ш. Жаменкенова²**

¹Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Павлодар қаласы № 2 жалпы білім беретін мектебі,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: raushan_mutalieva@mail.ru

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР

Мақалада прозадағы сөз бейнелілігі орыс ғалымдары В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, А. И. Ефимов, Б. А. Ларин, А. М. Пешковскийлердің пікірлеріне сүйене отырып қарастырылды. Көркем мәтін құрылымындағы сөз экспрессивті көрініске, ұлттық-тұрмыстық сипатқа, жағдайлық-мәтіндік (ситуативно-контекстуальный) колоритке ие болуға тиіс; ол көркемдік сипаттаудың көркемдік бейнелілігін көрсетуі тиіс. Ежелгі грек эстетиктерінен бастап көркемдік сөйлеу ерекшелігін метафоралар мен көркемдегіш құралдар, фигураларды қолданумен анықтау дәстүрі бар. Поэтикалық сөздің бейнелі функциясын бөліп көрсетеді. Бұл ретте сөздің бейнелілігін түсіну кең және тар мағынада қарастырылады.

Тар мағынада сөз бейнелілігі тілдік-стилистикалық санат ретінде беріледі, сөздерде метафоралық мағыналар мен өзге де мағыналық қабаттар белсендірілгенде, салыстырулар, перифразалар және т.б. қолданылғанда сөз бейнелілігі пайда болады. Мұндай жағдайларда ұғымдар мен заттарды білдіретін сөздер санада әртүрлі картиналар тудырады.

Бірақ мұндай жағдайда, біз ойлағандай, прозаның поэзияға қарағанда бейнелілігі мардымсыз, себебі онда көрнекі құралдар аз пайдаланылады және прозалық шығармада біз басқа стильдердің (сөйлеу) элементтерін табамыз. Бірақ прозада бейнелі сөздің экспрессивтілігі, көркемдігі, көрнекілігі, суреттілігі де бар. А. М. Пешковский «жалпы бейнелілік» ұғымын енгізді. Жалпы бейнелілік

– тіл құралдарының жүйесі, мәтінді оқу кезінде қабылдайтын көркем туындының жалғыз мүмкін болатын сөйлеу тіндері.

Қабдолов «Сөз өнерінде» жазушылардың сөз қолдану ерекшеліктеріне тоқталды. Қ. П. Жүсіп қазақ әдебиеттануына метафоралық тіркестер, дерексіз ұғымдардың заттандырылуы, жандандырылуы, шарттылық секілді терминдерді енгізді. М. Әуезовтің «Абай жолындағы» метафоралық тіркестерді Қ. П. Жүсіп үлгісімен талдадық. Талдау барысында М. Әуезов қолданған метафоралық тіркестердің Абай өлеңдеріндегі тіркестермен ұқсас екеніне аңғардық. Романдағы метафоралық тіркестерден жазушының сөз қолданудағы шеберлігіне көз жеткіздік. М. Әуезовтің шын мәніндегі суреткер жазушы екендігіне мақалада келтірілген мысалдар дәлел бола алады.

Кілтті сөздер: метафоралық тіркестер, көркем проза тілі, жазушылық шеберлік, Абай өлеңдерімен ұқсастық, сөз бейнелілігі.

Кіріспе

Көркем мәтінде өзінің тікелей мағынасында қолданылған сөз –сөздік сөзі емес. Ол мәтіннің басқа сөздерімен белгілі бір қатынастарға түседі, нақты және іс жүзінде нысанға айналады.

Көркем сөз зерттеушілері В. В. Виноградов [1], Г. О. Винокур [2] және т.б. аталған сөздің лексикалық ортасын таңдау маңызды деп санайды. Ол сөзді (шындықты) ұғынуға бағыттап қана қоймай, мәтіндегі осы сөзді эмоциялық қабылдауды да анықтайды.

Алайда тұйық мәтіндегі сөздер бейненің белгілі бір нысандарының нақты қатынастарын көрсететін топтар бойынша ғана біріктірілмейді. Мәтіндегі сөздер мәтінді қабылдайтын толассыз мағыналық немесе эмоциялық сызықтарды құрайтын қатарларды құруы мүмкін.

Осылайша, сөздіктегі сөз, ауызекі сөйлеудегі сөз және поэтикалық мәтіндегі сөз – әрқайсысы өзінің ерекше мағыналы және эмоциялық мүмкіндіктеріне ие бірліктер. Көркем туындыдағы кез келген сөз оның тікелей мағынада қолданылғанына немесе автордың еркімен қосымша семантикалық қабаттар алып жүргеніне қарамастан мағыналы және толыққанды болады. Л. Толстойдың пікірінше, көркем сөз, тіпті семантикалық тұрғыдан ауытқымаса да, мағыналық жағынан көп аспектілі, бұл автордың оны қалай қолданғандығымен айқындалады.

Көркем мәтін құрылымындағы сөз экспрессивті көрініске, ұлттық-тұрмыстық сипатқа, жағдайлық-мәтіндік (ситуативно-контекстуальный) колоритке ие болуға тиіс; ол көркемдік сипаттаудың көркемдік бейнелілігін көрсетуі тиіс.

Ежелгі грек эстетиктерінен бастап көркемдік сөйлеу ерекшелігін метафоралар мен көркемдегіш құралдар, фигураларды қолданумен анықтау дәстүрі бар. Бұл көзқарасты А. И. Ефимов [3] сияқты кейбір қазіргі заманғы ғалымдар құптайды, олар әдеби тілдегі сөздердің мағыналық өзгеруінің мүмкіндіктері шексіз деп санайды, барлық сөздер әртүрлі реңктерге ие болады, олардың негізінде көптеген жағдайларда метафоралық процестер жатыр.

Поэтикалық сөздің бейнелі функциясын бөліп көрсетеді. Бұл ретте сөздің бейнелілігін түсіну кең және тар мағынада қарастырылады.

Тар мағынада сөз бейнелілігі тілдік-стилистикалық санат ретінде беріледі, сөздерде метафоралық мағыналар мен өзге де мағыналық қабаттар белсендірілгенде, салыстырулар, перифразалар және т.б. қолданылғанда сөз бейнелілігі пайда болады. Мұндай жағдайларда ұғымдар мен заттарды білдіретін сөздер санада әртүрлі картиналар тудырады.

Бірақ мұндай жағдайда, біз ойлағандай, прозаның поэзияға қарағанда бейнелілігі мардымсыз, себебі онда көрнекі құралдар аз пайдаланылады және прозалық шығармада біз басқа стильдердің (сөйлесу) элементтерін табамыз. Бірақ прозада бейнелі сөздің экспрессивтілігі, көркемдігі, көрнекілігі, суреттілігі де бар.

Демек, сөз бейнелілігі троптарды қарапайым пайдалануға қарағанда кеңірек және ауқымдырақ нәрсе. А. М. Пешковский «жалпы бейнелілік» ұғымын енгізді [4]. Жалпы бейнелілік – тіл құралдарының жүйесі, мәтінді оқу кезінде қабылдайтын көркем туындының жалғыз мүмкін болатын сөйлеу тіндері.

Кейіннен бейнелілік суретшінің «өзінің идеялық-эстетикалық ойын бейнелі түрде білдіру» қабілеті ретінде түсіндірілді. Көркем шығарма тілінің жалпы бейнелілік теориясы А. А. Потебняның поэтикалық сөздің символдылығы, екіжақтылығы туралы ойынан басталып [5], кейіннен Б. А. Лариннің [6], және т.б. жұмыстарында жалғасын тапты.

Қазіргі филологтердің зерттеулерінде тілдік құбылыстардың стилистикалық функциялары мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Жазушының тілі мен стилі, оның көркем мәтін тілінің стилистикалық интерпретациясы, мәтіндегі сөздер мен тіркестерді таңдауы қызығушылық тудырады.

Бұл кездейсоқ емес, өйткені әрбір жазушы өзінің ойын анық және нақты білдіретін сөздерді іздеуден бастайды. Бірақ дәлдік пен анықтық деңгейі бірдей болмайды. Сөздің маңыздылығын сезіну – жазушының оны тура келмейтін сөздерден, ескірген қолданыстардан қорғайтын ең құнды қасиеттерінің бірі.

Көркем шығармада, қалай болғанда да, қажетсіз заттардың көлеңкесі ретінде ғана жүретін уәжсіз сөздер болмауы тиіс. Сөздерді іріктеу сөздегі

шындықты көрсету тәсілімен тығыз байланысты. Сөздің барлық бейнелілігін контекстегі сөздермен өзара байланыста ғана қарауға болады.

Қазақ прозасындағы бейнелілік туралы пікірлер З. Қабдоловтың «Сөз өнерінен» бастау алғаны белгілі [7].

2011 жылы шыққан «Мұхтар Әуезов энциклопедиясы» кітабында «Абай жолы» эпопеясының тілі» атты Е. Жанпейісов талдауы берілген [8].

Қазақ әдебиеттануында метафоралық тіркестер, дерексіз ұғымдардың заттандырылуы, жандандырылуы, шарттылық секілді ұғымдарды алғаш енгізген Қ. П. Жүсіп екендігі алдыңғы мақалада атап өтілді [9].

Материалдар мен әдістер

Мақалада «Абай жолы» романындағы метафоралық тіркестер қарастырылғанда әдеби талдау, салыстыру, көркем шығарма тілін талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мақалада М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы бейнелі сөздер, оның ішінде метафоралық тіркестердің қолданылуы талданады. Алдыңғы «М. Әуезовтің «Абай жолындағы» дерексіз ұғымдардың қолданылуы» атты мақалада романдағы дерексіз ұғымдардың қолданылу ерекшеліктері қарастырылған болатын [10].

М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы бейнелі сөздер теңеу, эпитет, метафора, психологиялық параллелизм түрінде көптеп кездеседі. Мысалы, «Қазір, міне, сол талабымның салынып біткен қорасын бірінші рет көргендей боп отырмын! – деп біраз тоқтап қалды» [11, 119-б.].

Бұл сөйлемде Абайдың салынып жатқан қорасы туралы айтылады. Бірақ Абай үшін бұл жай қора емес, шығармашылықпен айналысатын үй. Сондықтан да «талабымның қорасы» дейді.

«Енді сонымен ілес тағы бір толқын ойлар кеп, көңіл жарына қатты соқты. Көшкен бұлттай қарауытып, ауып келген ауыр ойлар шындық кескінін танытады. Жаңағы жалтыраған күншуақты қуаныш сәулесін енді күдік пен дерттей соңғы ойлар бұлттары бүркеп басып барады» [11, 430-б.].

Бұл сөйлемдегі «көңіл жары», «қуаныш сәулесі», «ойлар бұлттары» метафоралық тіркестері Абайдың ауыр ойда отырғандығын, кейіпкердің көңіл күйінің қандай деңгейде екенін көз алдымызда сурет секілді көрсетеді. «Толқын ойлар», «ауыр ойлар» эпитеттері, жай бұлтқа емес, көшкен бұлттай қарауытқан бұлттарға теңеуі кейіпкердің қандай ахуалда отырғандығын дәл жеткізген.

– Осы сөзді Жігітектің сол ауылдары сөйлеп отыр ма? Жоқ, әлде, басына бәле бұтты оралып жүрмесе, бойына ас батпайтын Базаралы құтыртып отыр ма? [12, 75-б.].

«Бәле бұлты» тіркесі Базаралының үнемі бір айтыс-тартыстың ішінде жүретін адам екендігін айғақтап тұрғандай.

«Жұмарланып төгілген ашу селі, қарабарқындап құйылып келгенде, алдынан жиырма шақты аттылар «қайт, қайттап» қарсы шапты» [12, 92-б.].

Жай суға қарағанда селдің ағыны қатты, аумағы да үлкен болатынын ескерсек, мындағы аттылардың ашуының қандай дәрежеде екенін бағамдаймыз.

«Өмір бойы ашық ойлы, білгір саналы болған асыл жан өлім сағатында да даңалық қайратынан айырылмаған. Барлық ықтиярсыз, теңсіз тірлігіне өзінің адамгершілік таза биігінен қарап өте білген. Өлімнен де жасқанбай, бұқпай кеткен тәрізді. Кең сабырға толы момын жан өмір есігін ақырын ғана жауып жол кешкендей» [12, 146-б.].

Бұл үзіндіде Ұлжанның өмірде қалай байсалды болса, өлімді де сабырмен қарсы алғанын жазушы өте әсерлі көрсеткен. Абай «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деп адамның өмірге келген сәтін «дүние есігі» тіркесімен берген болса, М. Әуезов «өмір есігін» ақырын жапқызады. Е. Жанпейісов «Абай жолындағы» сөз қолданыстарын Абай өлеңдеріндегі бейнелі сөздермен салыстырған.

«Жем-параның иісі мұрындарын жарып, тынымдарын алғандай. Жемтікес құзғындардай немесе жақында өлген өлексені қырымнан көріп, андыздап ұшқан қарақұстай» [12, 161-б.].

Парақорлардың дүниеге деген құмарлықтарын құзғын, қарақұстардың әрекетіне ұқсата сипаттаған.

«Кейін бұл Жігітек пен біздің ауылдардың құйрығын байластырғандай етіп қиян-кескі араздық жаулыққа жеткізді де, өзі қашып шығып кетті. Бәленің отына жалғыз Жігітекті итеріп тастап қашты» [12, 189-б.].

Бұл мысалда Жігітекті «бәленің отына» итеріп кетуші Оразбай болып отыр. «Екі ауылдың құйрығын байластырғандай» тіркесі де екі ауыл арасындағы жаулықтың әбден ушыққандығын суреттейді.

«Абай болса ұлыққа жауап беріп қайтқанда, өзінің сыртында оралып, құрсап жүрген қауіп бұлтының қаншалық екенін андамай қайтқан-ды» [12, 219-б.].

«Қауіп бұлты» арқылы Абайға төнген қиындықты бажайлаймыз.

«Сол күндерде қасындағы достарына ақын Абайдың да тілі күрмеліп, барлық сазы сөнгендей. Қайғы, қаза Абайды соншалық сындырып, «кеудедегі саулап жанған өнер отын да өшіріп кетті ме?» деген күдіктер Дәрмен сияқты дос інінің ойына жиі келетін. Бірақ сыртқа солай көрінсе де қайғылы Абай, ақын Абайды мүлде тыйған жоқ-ты» [12, 222-б.].

Абайдың ақындық қуатын «саулап жанған өнер оты» деп, оны тіпті қайғы, қазаның да сөндіре алмайтындығын дәл жеткізген. «Қайғы, қаза»

дерексіз ұғымдары заттандырылып берілу арқылы Абайдың өзі айтқан «қайғы келсе, қарсы тұр» деген сөздерін дәлелдеп тұрғандай.

«Мінез, достық жағынан да Жаңыл Дәркембайға кәрілік шағында ойдағыдай үйлескен адам болды. Ол ерінін жақсылығын, ағайынға қадірлі қасиетін анық ұқты. Өзі де бұны қадірлеп үлкен тұтып, шын тілеумен қосылған дос бола білді. Жаңа өмір отын жандырғандай болды» [12, 228-б.].

Абай «жастықтың оты жалындап» деп айтқан болса, Әуезов Жаңылға «өмір отын» жаққызады.

«Көп елдің арасына көп дәнекер тастап жүрген жаулықтың шоғы бар. Соны қырағы көзімен көріп, біліп отырған Дәркембай Әбіш арқылы Абайға білдіріп отыр» [12, 233-б.].

Өрт кішкентай шоқтан шығатын болса, көп елдің арасындағы жаулық та шоқ сияқты нәрселерден, шағыстыру, айдап салулардан басталады.

«Әкесіне жаны ашыған көңілмен «жараның үстіне жара» төнгендей боп, үлкен қастық жотасы көрінді. «Ағамды қайтып сақтаймыз, қиналуын қалай азайтамыз?» деп, әр түрлі байлау ойлап келген-ді» [12, 275-б.].

«Осымен Әзімбай, Тәкежаннан басталып, Мәніке, Қаражаннан өтіп, Ысқақты қосып алған құпия кеңес қазір Шұбарды да ілестіріп алды. Шебі тұтасып келе жатқан тартыс жотасы осылай көрініп тұр» [12, 305-б.].

«Қастық жотасы», «тартыс жотасы» тіркестерінен Абайға қатысты жайттарды аңғарамыз. «Жота» сөзі арқылы қастық пен тартыстың жеңіл емес екенін бағамдасақ, сол қиындықтарды Абайдың шеше білгендігіне куә боламыз.

«Жаяу базардың оқшау бір белгісі: ең әуелі тынымсыз балдыр-бұлдыр, дабыр-дұбыр, саңғыр-сұңғыр, үздіксіз сөйленіп жатқан үндер, сөздер естіледі. Үндемей құлақ салсаң, бейнебір қалдыр-құлдыр, дабыр-дұбыр, құжынап қайнап жатқан дүние. Үздіксіз, тынымсыз мол сөздің селі қасыңнан ағып тұрғандай болады» [13, 58-б.].

Көп адамның жиналған жердегі сөйлесуден пайда болған шуды «сөз селі» деп атаған.

«Әлдебір бақытсыздық торына Сармолла шын шырмалған тәрізді» [13, 65-б.].

Сармолланың үйіне қайтпай қалып, мерт болғанын осы тіркеспен көрсеткен.

«Сондай атқамінер, жуан бел болыс әкімдердің талайының мінезінен қорытып кеп тудырған өлең, ызалы мысқыл жамбысындай шықты» [13, 155-б.].

Жағымсыз мінезді әшкерелеуде нысанаға дәл тиіп жатқан өлеңді «ызалы мысқыл жамбысы» етіп, ұлттық өрнекпен берген.

«Әзімбай Абайды таң қылып, әуелі мырс беріп күліп алып, жөнін айта бастады. Сөзінен күлкі емес, анық пәленің иісі аңқиды» [13, 199-б.].

«Жиыны бес жүз кісі ер-азамат осы арадан екі ғана белдің астында отырған Оразбайдың бір топ ақ ауылдарына таудан аққан тәңірдің кәріндей анық ызалы елдің ашу селін ақтарды» [13, 284-б.].

Таудан аққан селдің екпінінен ештеңе аман қалмайтынын межелесек, ашулы бес жүз адамның екпіні қандай болатыны түсінікті.

«Мағаштың үлкен дертке ілігіп, қатты қауіптің шеңгеліне түскенін іштей егіліп білген Абай, енді тым болмаса жаңағы айтқандай жайларды медеу етеді» [13, 358-б.].

Мағаштың жазылмайтын дертке ұшырағанын «шеңгел» сөзі арқылы сезіндіреді.

Қорытынды

«Абай жолындағы» жазушының метафоралық тіркестерінен Абай өлендерімен ұқсастықты байқадық. Романдағы метафоралық тіркестерден жазушының сөз қолданудағы шеберлігіне көз жеткіздік. М. Әуезовтің шын мәніндегі суреткер жазушы екендігіне жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Виноградов, В. В.** О языке художественной прозы. Избранные труды [Текст]. – М., 1980. – 656 с.

2 **Винокур, Г. О.** О языке художественной литературы [Текст]. – М. : Изд-во «Высш. школа», 1991. – 447 с.

3 **Ефимов, А. И.** Стилистика художественной речи [Текст]. – М. : Издательство МГУ, 2007. – 328 с.

4 **Пешковский, А. М.** Лингвистика. Поэтика. Стилистика [Текст]. – М. : Высшая школа, 2007– 252 с.

5 **Потебня, А. А.** Теоретическая поэтика [Текст]. – М. : «Высшая школа», 1990. – 344 с.

6 **Ларин, Б. А.** Эстетика слова и язык писателя: Избранные статьи [Текст]. – Л. : Художественная литература, 1974. – 285 с.

7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1992. – 352-б.

8 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – (бас редактор С. Қасқабасов) [Текст]. – Алматы : «Атамұра», 2011. – 688-б.

9 **Мәшһүр-Жүсіпов, Қ.** Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер [Текст]. – Алматы : «Жазушы», 1991. – 216-б.

10 **Муталиева, Р. М., Әбдіхалық, К. М.** Әуезовтің «Абай жолы» романындағы дерексіз ұғымдардың қолданылуы [Текст] // ПМУ хабаршысы ғылыми журналы. – 2016. – № 3. – 192–195-б.

11 **Әуезов, М.** Абай жолы. Екінші кітап [Текст]. – Алматы : «Жазушы», 2004. – 432-б.

12 **Әуезов, М.** Абай жолы. Үшінші кітап [Текст]. – Алматы : «Жазушы», 2004. – 384-б.

13 **Әуезов, М.** Абай жолы. Төртінші кітап [Текст]. – Алматы : «Жазушы», 2004. – 399-б.

14 **Ryan, M.** Literary theory : practical introduction : Textbook [Text]. – «Wiley-Blackwell». 2017. – 304 p.

References

1 **Vinogradov, V. V.** O yazyke hudozhestvennoj prozy. Izbrannye trudy [About the language of artistic prose. Selected works] [Text]. – Moscow, 1980. – 656 p.

2 **Vinokur, G. O.** O yazyke hudozhestvennoj literatury [About the language of fiction] [Text]. – Moscow : Izd-vo «Vyssh. shkola», 1991. – 447 p.

3 **Efimov, A. I.** Stilistika hudozhestvennoj rechi [Stylistics of artistic speech] [Text]. – Moscow : Izdatel'stvo MGU, 2007. – 328 p.

4 **Peshkovskij, A. M.** Lingvistika. Poetika. Stilistika [Linguistics. Poetics. Stylistics] [Text]. – Moscow : Vysshaya shkola, 2007. – 252 p.

5 **Potebnya, A. A.** Teoreticheskaya poetika [Theoretical poetics] [Text]. – Moscow: «Vysshaya shkola», 1990. – 344 p.

6 **Larin, B. A.** Estetika slova i yazyk pisatelya : Izbrannye stat'i [A esthetics of the word and the language of the writer : Selected articles] [Text]. – L. : Hudozhestvennaya literatura, 1974. – 285 p.

7 **Qabdolov, Z.** Söz öneri [the art of the word] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1992. – 352 p.

8 **Mühtar Äuezov ensiklopediasy.** – (bas redaktor S. Qasqabasov) [Encyclopedia of Mukhtar Auezov. Editor-in-chief S. Kaskabasov] [Text]. – Almaty : «Atamūra», 2011. – 688 p.

9 **Mäşhür-Jüsipov, Q.** Öleñ – sözdiñ patşasy: Zertteuler [the poem is the king of the word] [Text]. – Almaty : «Jazuşy», 1991. – 216 p.

10 **Mutalieva, R. M., Äbdihalyq, K. M.** Äuezovtiñ «Abai joly» romanındağy dereksiz üğymdardyñ qoldanylyu [The use of abstract concepts in auezov's novel “The way of Abai”] [Text] // PMU habarşysy ğylymi jurnalı. – 2016. – № 3. – 192–195 p.

- 11 **Äuezov, M.** Abai joly. Ekinşi kitap [The path of Abai. Second book] [Text]. – Almaty : «Jazuşy», 2004. – 432 p.
- 12 **Äuezov, M.** Abai joly. Üşinşi kitap [The path of Abai. Third book] [Text]. – Almaty : «Jazuşy», 2004. – 384 p.
- 13 **Äuezov, M.** Abai joly. Törtinşi kitap [The path of Abai. the fourth book] [Text]. – Almaty : «Jazuşy», 2004. – 399 p.
- 14 **Ryan, M.** Literary theory: practical introduction. Textbook [Text]. – “Wiley-Blackwell”, 2017. – 304 p.

References

- 1 **Vinogradov, V. V.** On the language of fiction. Selected works [Text]. – Moscow, 1980. – 656 p.
- 2 **Vinokur, G. O.** On the language of fiction [Text]. – Moscow : Publishing house “Higher School”, 1991. – 447 p.
- 3 **Efimov, A. I.** stylistics of the khudozhestvennogo rechi [Text]. – Moscow : Izdatelstvo MGU, 2007. – 328 p.
- 4 Peshkovsky, A.m. Linguistics. Poetics. Stylistics [Text]. – Moscow : Higher School, 2007. – 252 p.
- 5 **Potebnya, A. A.** Theoretical poetics [Text]. – Moscow : Higher School, 1990. – 344 p.
- 6 **Larin, B. A.** aesthetics of the word and language of the writer : detailed articles [Text]. – L. : Khudozhestvennaya Literatura, 1974. – 285 p.
- 7 **Kabdolov, Z.** Art Of The Word [Text]. – Almaty: Writer, 1992. – 352 p.
- 8 Encyclopedia of Mukhtar Auezov. – (editor-in-chief S. Kaskabasov) [Text]. – Almaty: Atamura, 2011. – 688 p.
- 9 Mashkhur-Zhusupov, K. poetry is the king of the word: Research [Text]. – Almaty : Writer, 1991. – 216 p.
- 10 **Mutalieva, R. M., Abdykhalyk, K. M.** The use of abstract concepts in Auezov's novel “The way of Abai” [Text] // Scientific journal PSU bulletin. – 2016. – No. 3. – pp. 192–195.
- 11 **Auezov, M.** Abay's way. Second book [Text]. – Almaty : Writer, 2004. – 432 p.
- 12 **Auezov, M.** Abay's way. Third book [Text]. – Almaty : Writer, 2004. – 384 p.
- 13 **Auezov, M.** Abay's way. The fourth book [Text]. – Almaty : Writer, 2004. – 399 p.
- 14 **Ryan, M.** Literary theory: practical introduction. Textbook [Text]. “Wiley-Blackwell”, 2017. – 304 p.

22.04.24 ж. баспаға түсті.

25.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Р. М. Муталиева¹, С. К. Шаймарданова¹, Г. Ш. Жаменкенова²*¹Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Общеобразовательная школа № 2 г. Павлодар,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 22.04.24.

Поступило с исправлениями 25.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

МЕТАФОРИЧЕСКИЕ ВЫРАЖЕНИЯ В РОМАНЕ «ПУТЬ АБАЯ» М. АУЭЗОВА

В статье исследование проводилось на основе мнений русских ученых В. В. Виноградова, Г. О. Винокура, А. И. Ефимова, Б. А. Ларина, А. М. Пешиковского. В структуре художественного текста слово должно обладать выразительным выражением, национально-бытовым характером, ситуативно-контекстуальным колоритом; оно должно отражать художественное воплощение художественного описания. Еще от древнегреческих эстетиков идет традиция определять специфику художественной речи употреблением в ней метафор и иных тропов и выражений. Выделяют образную функцию поэтического слова. Причем понимание образности слова рассматривается в широком и узком смыслах, но самое главное в обоих его аспектах.

В узком понимании образность речи дается как категория языково-стилистическая, речь становится образной тогда, когда в словах активизируются метафорические значения и иные смысловые наслоения, когда употребляются сравнения, перифразы и т.д. В таких случаях слова, обозначая понятия и предметы, вызывают в сознании разнообразные картины и ассоциации. Но в таком случае, как нам представляется, проза менее образна, чем поэзия, вследствие того, что в ней используется меньше выразительных средств и в прозаическом произведении мы находим элементы других стилей (разговорного). Хотя в прозе есть и экспрессивность, и красочность, наглядность и картинность образной речи.

Следовательно, образность речи есть нечто более широкое и более емкое, чем простое использование тропов. А. М. Пешиковский

вводит понятие «общая образность». Общая образность – та система средств языка, та единственная возможная речевая ткань художественного произведения, которую мы воспринимаем при чтении текста. З. Кабдолов отметил особенности употребления слов писателями в «Словарном искусстве». К. П. Жусуп ввел в казахскую литературу такие термины, как метафорические выражения, применение абстрактных понятий, условность. Метафорические фразы М. Ауэзова «Абай жолы» мы проанализировали по образцу К. П. Жусупа. Анализ показал, что метафорические фразы, использованные Ауэзовым, схожи с фразами из стихотворений Абая. Из метафорических фраз романа мы убедились в мастерстве писателя в использовании слов. О том, что М. Ауэзов, действительно, – художник, свидетельствуют приведенные в статье примеры.

Ключевые слова: метафорические фразы, язык художественной прозы, писательское мастерство, сходство со стихами Абая, образный язык.

*R. Mutaliyeva¹, S. Shaimardanova¹, G. Zhamenkenova²

¹Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²MPI «Pavlodar city comprehensive school №2»,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 22.04.24.

Received in revised form 25.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

METAPHORICAL EXPRESSIONS IN THE NOVEL «ABAI'S WAY» OF M. AUEZOV

The article examined the opinions of Russian scientists V. V. Vinogradov, G. O. Vinokur, A. I. Efimov, B. A. Larin, A. M. Peshkovsky. In the structure of a literary text, a word must have an expressive expression, a national-everyday character, and a situational and contextual flavor; it must reflect the artistic embodiment of the artistic description. Even from the ancient Greek aestheticians, there is a tradition of defining the specifics of artistic speech by the use of metaphors and other tropes and figures. The figurative function of the poetic word is highlighted. Moreover, the understanding of the figurativeness of a word is considered in a broad and narrow sense, but the most important in both of its aspects.

In a narrow sense, imagery of speech is given as a linguistic-stylistic category; speech becomes figurative when metaphorical meanings

and other semantic layers are activated in words, when comparisons, periphrases, etc. are used. In such cases, words, denoting concepts and objects, evoke various pictures and associations in the mind. But in this case, it seems to us that prose is less figurative than poetry, due to the fact that it uses fewer expressive means and in a prose work we find elements of other styles (colloquial). Although in prose there is expressiveness and colorfulness, clarity and picturesqueness of figurative speech.

Consequently, figurative speech is something broader and more capacious than the simple use of tropes. A. M. Peshkovsky introduces the concept of «general imagery». General imagery is that system of language means, that only possible speech fabric of a work of art that we perceive when reading a text.

Z. Kabdolov noted the peculiarities of the use of words by writers in «Dictionary Art». K. P. Zhusup introduced such terms as metaphorical expressions, the use of abstract concepts, and conventions into Kazakh literature. We analyzed the metaphorical phrases of M. Auezov «Abai Zholy» according to the model of K. P. Zhusup. The analysis showed that the metaphorical phrases used by Auezov are similar to phrases from Abai's poems. From the metaphorical phrases of the novel, we are convinced of the writer's skill in using words. The fact that M. Auezov is truly an artist is evidenced by the examples given in the article.

Key words: metaphorical phrases, artistic prose language, writing skill, similarity with Abai's poems, figurative language.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz